

Ә.Молдағұлова атындағы №21 жалпы орта мектебі



Ана тілі
4«Ә» сынып
тақырыбы:



Т.Молдағалиев«Гүлдер»

Изтурганова Жадыра



Мақсаты:

Өздігінен реттелетін оқу түрлері:
эмоциялық, танымдық, әлеуметтік,
ынталандырушылық қабілеттерін дамыту
үшін топтық жұмысты жандандыру. Ақын
шығармашылығымен таныстыра отырып,
өлеңнің көркемдік ерекшелігі мен тәрбиелік
мәнін ашу, өлеңді жаттату..



МІНДЕТІ:

- Топтық жұмыстағы ынтымақтастықты кеңейту.
- **Табыс критерийлері:** Оқушылар гүлдің түрлерін біледі. Гүлдердің түсіне қарай өз эмоцияларын бір-бірінен ажырата біледі.
- **Күтілетін нәтижесі:** Өлеңді мәнерлеп оқи алады және түсінгін айта алады. Гүлдердің түрлерін біледі және бір-бірінен ажырата алады. Гүл туралы бір шумақ өлең құрастыра біледі. Берілген тапсырманы сеніммен орындайды. Құрдастарымен тақырыпқа қатысты мәселені шешіп, сұрақ қояды және жауап береді. Өз міндеттері мен мақсатын жоспарлап, топ ішінде талқылайды.
- **Негізгі идеялар:** Ойлап шешімдер табу, іс-әрекет түрін қалыптастыру, жұмыс жасау тәсілдеріне ерік беру..

Ынтымақтастық атмосферасын құру

- Бағдаршам тренингі, музыка ойнап тұрады
- Жасыл түсті қол (амандасады қол алысып) Сары түсті қол (иықтарынан қағады) Қызыл түсті қол (құшақтасады).

Оқушыларға гүлдердің суреттері үлестіріледі, соған қатысты 3 топқа өлінеді. «Қызғалдақтар», «Бәйшешектер», «Раушангүлдер».



Үй тапсырмасын сұрау

С.Сейфуллиннің «Наурыз» өлеңін кітапты жаптырып, жаттқа жаздырту. Әр топқа бір шумақтан бөліп беремін.

Ой тастау және қолдану:

«Ой қозғау» ойыны. Жасырынған топтың атын табуы тиіс.

1-топтың аты түбірі «тапты» деген сөзде, жұрнағы «қасқыр деген сөзде, жалғауы «балалар» деген сөзде кездеседі. **(Тапқырлар)**

2-топтың аты түбірі «ойын» деген сөзде, жұрнағы «сыншыл» деген сөзде, жалғауы «қаздар» деген сөзде кездеседі. **(Ойшылдар)**

3-топтың аты түбірі «қолөнер» деген сөзде, жұрнағы «аспаз» деген сөзде, жалғауы «қыздар» деген сөзде кездеседі. **(Өнерпаздар)**



«Тапқырлар» тобы гүл күлтелеріне гүлге

қатысты сипаттау сөздерін тауып жазады.

«Ойшылдар» тобы өлең ішінен қайталанып тұрған сөзді тауып, ақын не үшін бұл тәсілді қолданғанын анықтауы керек.

«Өнерпаздар» тобы гүлдің суретін салып, бір шумақ өлең шығарады..



«Шатасқан шумақтар» ойыны. Өлең жолдарының орны ауысып кеткен екі өлең беріледі. Оқушыға сол өлең жолдарын мағынасына, ұйқасына қарап, қайта жазып шығу

тапсырылады.

Гүлдер, гүлдер не түрлі
Бастады той думанын жазық дала
Құлпырды да жетілді.
Күркіреп жатыр тулап сай мен сала.
Барлық дала өртеніп
Малшылар өрісінен қозы терсе,
Бара жатқан секілді.
Мәз боп жүр соны тасып бір топ бала.





Шығармашылық жұмыс: тапсырма ұйқас сөздерді пайдаланып, гүл туралы бір шумақ өлең құрастыру.

...	гүлдер
...	гүлдер
...	балаға
...	далаға
...	біреуін
...	анама



Үйге тапсырма



Гүлдер өлеңін жаттап келу. Тұманбай Молдағалиев, Қасым Аманжолов туралы іздену.

Рефлексиялық бағалау кезеңінде әр топ бір-біріне баға береді.

